

**Әлемдік және республикалық маңызы бар объектілерге жатқызылған тарих пен мәдениет ескерткіштерін, мемлекеттік табиғи-қорық қорының объектілерін қорғау және ұстау ережесін бекіту туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 8 шілдедегі N 673 қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 6 қарашадағы N 1044 Қаулысымен.

*Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 6 қарашадағы N 1044 Қаулысымен.*

"Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс туралы " Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Әлемдік және республикалық маңызы бар объектілерге жатқызылған тарих пен мәдениет ескерткіштерін, мемлекеттік табиғи-қорық қорының объектілерін қорғау және ұстау ережесі бекітілсін.

2. Орталық және жергілікті атқарушы органдар өздерінің әлемдік және республикалық маңызы бар объектілерге жатқызылған тарих пен мәдениет ескерткіштерін, мемлекеттік табиғи-қорық қорының объектілерін қорғау және ұстау мәселелерін реттейтін нормативтік құқықтық кесімдерін бекітілетін Ережеге сәйкес келтіру жөнінде шаралар қабылдасын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 3 жылғы 8 шілдедегі

N 6 7 3 қаулысымен

бекітілген

**Әлемдік және республикалық маңызы бар объектілерге жатқызылған тарих пен мәдениет ескерткіштерін, мемлекеттік табиғи-қорық қорының объектілерін қорғау және ұстау ережесі**

#### **1. Жалпы ережелер**

1. Әлемдік және республикалық маңызы бар объектілерге жатқызылған тарих пен мәдениет ескерткіштерін, мемлекеттік табиғи-қорық қорының объектілерін қорғау және ұстау ережесі (бұдан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасының "

Қазақстан Республикасындағы сәулет , қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы", " Тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану туралы", " Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы" Заңдарына сәйкес әзірленген.

2. Ереже әлемдік және республикалық маңызы бар тарих пен мәдениет ескерткіштерін, мемлекеттік табиғи-қорық қорының объектілерін қорғау және ұстау тәртібін анықтайды.

3. Ереже әлемдік және республикалық маңызы бар тарих пен мәдениет ескерткіштеріне, мемлекеттік табиғи-қорық қорының объектілеріне қолданылады .

## **2. Тарих пен мәдениет ескерткіштерін қорғау және ұстау**

4. Тарих пен мәдениет ескерткіштері Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен міндетті қорғалуға және сақталуға жатады, оларды пайдаланудың ерекше құқықтық режиміне ие.

5. Тарих пен мәдениет ескерткіштерін ұстау, қорғау және пайдалану саласында мемлекеттік басқаруды Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану жөніндегі мемлекеттік орган және Қазақстан Республикасының мұрағаттарды басқару мемлекеттік органы жүзеге асырады.

6. Тарих пен мәдениет ескерткіштері мемлекеттік меншікте болады және жекешелендіруге жатпайды.

7. Тарих пен мәдениет ескерткіштерін қорғауды қамтамасыз ету мақсатында күзетілетін аймақтар, құрылыс салуды реттеу аймақтары белгіленеді, олардың шегінде тарих пен мәдениет ескерткіштерінің жай-күйіне кері есер ететін сәулет, қала құрылысы, құрылыс қызметіне тыйым салынады немесе шек қойылады.

8. Күзетілетін аймақтардың, құрылыс салуды реттеу аймақтарының шекараларын Қазақстан Республикасының тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану жөніндегі мемлекеттік уәкілетті органының келісімі бойынша тиісті жергілікті атқарушы органдар анықтайды.

Ескерткіштерді қорғау аймақтары елді мекендердің бас жоспарларына, егжей-тегжейлі жоспарлау және құрылыс салу жобаларына енгізіледі.

9. Әлемдік және республикалық маңызы бар әрбір жылжымайтын тарих пен мәдениет ескерткішіне ескерткіш туралы негізгі деректер және ескерткіштің мемлекеттің қорғауында екендігі туралы нұсқаулар берілген қорғау тақтасы орнатылады.

10. Тарих пен мәдениет ескерткіштерін қорғау және ұстау ережелері бұзылған жағдайда жергілікті билік органдары тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану мемлекеттік органының ұсынуы бойынша ескерткіштерге қауіп төндіретін құрылыс және басқа да жұмыстарды тоқтата тұру, сондай-ақ тыйым салу туралы мәселені шешеді.

11. Әлемдік және республикалық маңызы бар тарих пен мәдениет ескерткіштерін Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының мамандандырылған күзет бөлімшелері күзетеді.

12. Әлемдік және республикалық маңызы бар тарих пен мәдениет ескерткіштерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану саласындағы мемлекеттік уәкілетті органның, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің, тиісті (облыстық, аудандық, ауылдық) атқарушы билік органының қатысуымен комиссия арқылы шешіледі.

13. Барлық тарих пен мәдениет ескерткіштерінің инженерлік-техникалық нығайтылуы және қорғаудың арнайы техникалық құралдарымен жарақтандырылуы мемлекеттік нормативтер талаптарына сәйкес болуы тиіс.

14. Ескерткіштерді пайдаланушылар күзет-өрт қауіпсіздігін және шарттармен және міндеттемелермен белгіленген ескерткіштерді, олармен байланысты тарихи-көркем маңызы бар аумақтарды, бақтарды, парктерді, құрылыстарды, өнер туындыларын, заттарды ұстау мен пайдалану режимінің сақталуын қамтамасыз етуі тиіс.

15. Ғылыми, тарихи, көркем немесе өзге де мәдени маңызы бар өнер туындылары мен заттары ескерткіштеріне байланысты сақтап ұстау режимін қамтамасыз ету мүмкіндігі жоқ, пайдаланушылар оларды ескерткіштерді қорғау мемлекеттік органының келісімі бойынша мұражайға немесе өзге де арнайы мемлекеттік қоймаға сақтауға бере алады.

16. Егер азаматтар оларға тиесілі тарих және мәдениет ескерткіштерін сақтауды қамтамасыз етпесе, онда бұл ескерткіштер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тиісінше орнын толтыра отырып, сот тәртібімен алынуы мүмкін.

17. Тарих және мәдениет ескерткіштерін жаңғырту, сақтау және қалпына келтіру жөніндегі жұмыстарды Қазақстан Республикасының тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану жөніндегі мемлекеттік органы беретін осындай түрдегі қызмет құқығына лицензияның және арнайы рұқсаттың негізінде мамандандырылған ғылыми-жаңғырту ұйымдары және азаматтар жүргізеді.

### **3. Әлемдік және республикалық маңызы бар объектілерге жатқызылған табиғи-қорық қорының объектілерін қорғау және ұстау**

18. Әлемдік және республикалық маңызы бар объектілерге жатқызылған мемлекеттік табиғи-қорық қорының объектілерін қорғау және ұстау саласындағы мемлекеттік басқаруды Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік органы жүзеге асырады.

19. Әлемдік және республикалық маңызы бар объектілерге жатқызылған мемлекеттік табиғи-қорық қорының объектілерін қорғау және ұстау Қазақстан Республикасының ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

20. Табиғи-қорық қоры объектілерін қорғау мен ұстауды қамтамасыз ету мақсатында күзетілетін аймақтар, құрылысты реттеу аймақтары және қорғалатын табиғи ландшафт аймақтары анықталады, олардың шегінде табиғи-қорық қоры объектілерінің жағдайына кері әсер ететін сәулет, қала құрылысы, құрылыс жұмыстарына тыйым салынады немесе шек қойылады.

21. Күзетілетін аймақтардың, құрылысты реттеу аймақтарының және қорғалатын табиғи ландшафт аймақтарының шекараларын Қазақстан Республикасы мемлекеттік уәкілетті органының келісімі бойынша тиісті жергілікті билік органдары анықтайды.

22. Әлемдік және республикалық маңызы бар объектілерге жатқызылған мемлекеттік табиғи-қорық қорының объектілерін ұстау жөніндегі іс-шаралар ғылыми ұйымдардың ұсынымдары негізінде және қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын органдардың келісімі бойынша, қорғау режимін ескере отырып жүргізіледі.

23. Әлемдік және республикалық маңызы бар объектілерге жатқызылған мемлекеттік табиғи-қорық қорының объектілерін ұстау жөніндегі іс-шараларды, соның ішінде экологиялық жүйелеріне зиянды әсерлердің алдын алу және жою жөніндегі қорғау іс-шараларын ұйымдастыру заңнамаға сәйкес жүзеге асырылады.

24. Табиғи ресурстардың, мемлекеттік табиғи-қорық қорының объектілері күзетілетін аймақтарының көлемдерін, шекараларын, режимдері мен оларды пайдалану тәртібін қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік уәкілетті органның келісімі бойынша тиісті (облыстық, аудандық, ауылдық) өкілді және атқарушы органдар белгілейді.

Күзетілетін аймақтардың жерлері жергілікті жерлерде арнайы белгілермен белгіленеді.